

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕР ЕРЛІКТЕРІ

Н.С. БАХТОРАЗОВ,

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ студенті

Тараз қ., Қазақстан

Ұлы Жеңістің 68 жылдығын тиісінше атап өттік. Бұл соғыс бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының басынан кешкен оқиғалардың ең ауыры болғандығы белгілі. Жан алып, жан беріскен соғыстың төрт жылы бұрынғы КСРО-ның көпұлтты халқының басына түскен ең ауыр зауал болғаны анық.

Жамбылдықтар өз Отанын қорғау жолындағы ұлы іске атсалысқанын мақтанышпен еске алады. Осы соғыста әскери және еңбектегі ерліктерімен көзге түскен ұл-қыздарын үнемі ұлықтай бермек. Өздерінің интернационалдық борышына адал жамбылдықтар көпұлтты Отанын қорғау барысында Брест, Ленинград, Киев, Минскі, Одесса, Севастополь, Мәскеу, Тула, Новороссийскі, Керчь сияқты батыр-қалаларда ерлікпен шайқасты. Олар неміс фашистерін Бухарест пен Белград, Будапешт пен Варшава, Вена мен Прага қалаларында талқандады. Көптеген жамбылдық жауынгерлер «Будапешті азат еткені үшін», «Белградты азат еткені үшін», «Венаны азат еткені үшін», «Кенигсбергті азат еткені үшін» медальдарымен марапатталды.

Қазақ КСР-інде жасақталған көптеген әскери құрамалардың даңқты есімдерін Ұлы шайқастар жылнамасына қашап жазды. 316-шы (Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық), 238-ші (30-шы гвардиялық) және 312-ші атқыштар дивизияларының даңқы Мәскеу түбіндегі шайқаста, 29-шы (72-ші гвардиялық) дивизия Сталинградты қорғаудағы, Курск иініндегі Днепрден өтудегі шайқастарда, 310-шы атқыштар және 314-ші дивизиялар Ленинград түбіндегі шайқаста даңққа бөленді.

Жамбыл облысынан майданға аттанған ер азаматтар – қазақтар, өзбектер, орыстар, қырғыздар және басқа да ұлттың өкілдері Еуропа ха-

лықтарына жеңіске деген үкілі үмітпен азаттық қуанышын сыйлаған еді. Осы орайда Чехославакиядан бір топ гимназистердің Жамбылдағы пионерлер сарайының үйірме мүшелеріне жазған хаты қызығушылық тудырады. Онда: «Біздің жерде мәңгібақилық мекенін тапқан сіздердің солдаттар бар. Олар біздің қалаларымыз бен деревняларымызға бостандық әкелді. Сондықтан да біз чехтар мен словактардың жас жеткіншіктері, бізге бостандық әперген азаматтарды есте сақтап, қасиеттеуге ант береміз».

Біздің еліміздегі халықтардың ажырамас достығымен олардың Отанына шын берілгендігінің белгісі ретінде; қазақ Ағаділ Суханбаевтың поляк жерінде Александр Матросовтың өшпес ерлігін қайталағандығын; орыс Андрей Сорокиннің Венгрия жерінде өзінің соңғы ерлігін жасағанын; өзбек Ергеш Досмұхамедовтың Литва жеріндегі ерлігін; атақты мерген Ыбрайым Сүлейменовті, сонымен бірге ерлікпен қаза тапқан басқа да батырларды айтуымызға болады. Жалпы, осы деректерді іздестіру барысында Ұлы Отан соғысына қатысты мұрағат құжаттарының басым бөлігі Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатындағы 282 (Жамбыл облыстық партия комитеті) және 399-қорларда (Жамбыл облысының атқару комитеті) жинақталғанын айта кету керек. Сонымен бірге мұрағатта Ұлы Отан соғысына қатысушылардың өмірбаяндық анықтамасы да сақтаулы. Ұлы Отан соғысы тарихына қатысты материалдар Жамбыл облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің, Тараз қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқарманың мәліметтерімен де толықтырылып келеді.

Жоғарыда аталған қорларда Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін, өңірдегі барлық жұмыстардың соғыс талабына сай жүргізіліп, халық арасында жаппай саяси жұмысты үдете түсу ісіне үлкен мән берілгендігі көрінеді. Осылай, Қазақстан К(б)П ОК-нің 1941 жылдың 4 қазанында ҚК(б)П Жамбыл облыстық комитетіне жіберілген хатында Отанымызға қауіп төнген тұста халықты неміс-фашист басқыншыларына қарсы жұмыла бас көтеруге шақырғандығы туралы мәліметтері мен басқа да іс-шаралар тізбесі беріледі [1].

Осы және де басқа да тапсырмаларды орындау барысы мен тылдағы жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері тұрғысындағы құжаттар 399-қорда жинақталған. Осы қорда Жамбыл облыстық Кеңесі атқару комитетінің 1944 жылдың 21 қаңтардағы Кеңес Одағының Батыры Ибрагим Сүлейменовті мәңгі есте сақтау үшін Жамбыл ауданының «Төрткүл» колхозына, Жамбыл қаласындағы Биліккөл көшесіне және батырдың өмірге келген Сарысу ауданындағы «Комсомольский» ауылдық кеңесі мен «Қызыл күншығыс» колхоздарына И.Сүлейменовтің атын беру туралы қаулысы да бар [2].

Ұлы Отан соғысына байланысты келесі құжаттар топтамасын газет материалдары құрайды. «Жауды ақырына дейін талқандаймыз», «Егін жинауда жұмыс соғыс қарқынымен істеле берсін», «Мемлекеттік соғыс зайемы – халық мүддесі», «Қызыл армияға киім берушілер күн санап көбеюде», т.б. тақырыптарындағы мақалаларда Ұлы Отан соғысы кезіндегі облысымыздағы өмірі объективті айшықталған [3].

Екінші дүниежүзілік соғыс әлемге қазақ халқының атымен бірге оның ержүрек, батыр, батыл, қаһарман ұлдары бар екенін танытты. Кеңес жауынгерлерінің қайтпас, қайсар ерліктерін бүкіл әлемге танытқан Брест қамалын қорғау сәтінен бастап қазақ сарбаздары өздерінің ерліктерін Ұлы Отан соғысының тарихында алтын әріппен жазды. Қазір Брест қамалын қорғауда 60-қа жуық жамбылдық жауынгер болғаны белгілі. Олардың арасында Жуалы ауданының Бақалы ауылының түлегі Мәнтай Әбдірайымов та бар. Ол Брестті қорғап, қоршауды бұзып шығып, Москваға дейін шегініп келіп, 1941 жылдың 6 желтоқсанында кеңес әскерлерінің жауға қарсы шабуылына қатысты. 1942 жылдың ақпан айында Отан үшін опат болды [4].

Жамбылдық жауынгерлер отандастарымен бірге Сталинградты, Ленинградты, Москваны, Кавказды қорғауға қатысты. Майданның барлық шебінде ерлік көрсетіп, жауды ұясында – Берлинде талқандады. Олардың арасынан Бауыржан Момышұлындай қолбасшы шықты. Оны ерлігі мен соғысу тактикасы даңққа бөленді. Москваны қорғауда, Балтық жағалауындағы ұрыстарда ол батальон командирінен дивизия ко-

мандиріне дейінгі майдан жолынан өтті. Кезінде оның ерлік жолын, соғысты жүргізудің шеберлігін танығысы келмегендер ұлтжандылығын алға тартып, әскери шенін көтермеді, «Батыр» атағын бермеді. Алайда еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей араласуымен әділдік салтанат құрды. Қазақтың қас батыры, біртуар азаматы Бауыржан Момышұлына «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ марқұмға кеш те болса берілді. Осындай атақты Ұлы Отан соғысы жылдары көрсеткен ерлігі үшін тағы да 22 жамбылдық алды.

Соғыс жылдарында бір емес, бірнеше ерліктері үшін Даңқ орденінің I, II, III дәрежесімен наградталған 6 жамбылдық батыр атанды. Олардың қатарына Жамбыл ауданының түлегі Алақан Жапарбековті де қосуға болады. Ол майданда III дәрежелі Даңқ орденімен бірге екі II дәрежелі Даңқ орденін алған. Бұл орденді беру ережесі бойынша оның бір дәрежесі екі рет берілмеуі керек. Алайда құжат толтырушылардың кемшілігінен майдангер Алақанға екі II дәрежелі Даңқ ордені берілген. II дәрежелі Даңқ орденінің бірін I дәрежелі Даңқ орденіне айырбастауға болатын еді [5].

Ежелден ер деген атымыз шыққан халықтың батыр ұландарының ерлігі мәңгі өшпейтіндігі, олардың ерлігі елге – мұра, ұрпаққа ұран екендігі ақиқат! Сондықтан да 2009 жылдың қараша айында бір топ жамбылдық жастар бабалары шайқасқан Москва, Калинин облыстарында болып, олар туралы тарихи жәдігерлер жинады. 1941 жылы 16 қарашада Волоколамскіде еліміздің Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Қырғызстан тұрғындарынан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының 28 батыры 251-ші биіктікте жау танкілерімен және жаяу әскерлерімен жан беріп, жан алысқан шайқаста ерліктің өшпес өнегесін көрсетті.

Сол батырлардың есімін тағы да атап шықсақ, олар: Клочков Василий, Шепетков Иван, Крючков Абрам, Добробабин Иван, Митин Гавриил, Косаев Әлікбай (Әлмембай), Петренко Григорий, Нарсутбай Есболатов, Калейников Дмитрий, Натаров Иван, Шемякин Григорий, Дутов Петр, Митченко Николай, Шопақов Дуйшенқұл, Конкин Гри-

горий, Шадрин Иван, Москаленко Николай, Емцов Петр, Қожабергенов Әлиасқар, Тимофеев Дмитрий, Трофимов Николай, Бондаренко Яков, Васильев Ларион, Белашев Николай, Безродный Григорий, Сеңгірбаев Мұсабек, Максимов Николай, Ананьев Николай... Міне, осы азаматтар Москваны қорғауда Кеңес жауынгерлерін даңққа бөледі. Армия генералы К.К. Рокоссовский басқаратын 16-шы армияның құрамындағы 316-атқыштар дивизиясының 1075-полкіне қарсы Волоколамск тас жолының бойында фашистердің 80 танкісі, 2 полкқа жуық әскері, 6 миномет және 4 артиллерия батареясы, автоматшылар мен мотоциклистердің құрамы шоғырланған еді. 16 қараша күні фашистер панфиловшылардың бекіністерін аспаннан ұзақ уақыт бомбалады. Одан кейін жаяу әскері мен танкісін жіберді. Алғаш фашистердің 20 танкісі мен жаяу әскері 28 Кеңес жауынгеріне қарай лап қойды. Осы жерде саяси жетекші Василий Клочков бар даусымен: «20 танкі бізге ештеңе емес, әрқайсысымызға бір-бірден де келмейді екен. Қиратамыз», – дейді. Көп ұзамай, 15 танкі майдан даласында өртеніп жатты. 5 танкі кейін қашты. Артынша фашистердің тағы 30 танкісі алға ұмтылған. Тап осы жерде саяси жетекші В.Клочков: «Россия кең байтақ, бірақ шегінерлік жер жоқ! Артымызда Москва!» деген жалынды сөзін айтады. Тағы да қиян-кескі шайқас басталады. Кеңес жауынгерлерінің оқ-дәрісі таусылды. Осы жерде Қордай ауданының түлегі Николай Белошов соңғы бронь қиратушысымен фашистердің 1 танкісін отқа орайды.

Сол жылдары «28 батырдың бәрі майдан даласында ерлікпен қаза тапты» деп жазылды. Шын мәнінде, Шемякин мен Васильев ауыр жарқат алып, госпитальға түскен еді. Ал Шадрин мен Тимофеев ауыр жараланып, есінен танып жатқанда, тұтқынға алынған. Кейін белгілі болғандай, Иван Добробабин де тұтқында болған. Сонымен бірге Қожабергеновтің де тағдырында ақтаңдақтардың болғаны белгілі болды. 1942 жылы 21 шілдеде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен әскери журналист Ю.А. Кривицкийдің мақаласында аттары аталған 28 панфиловшының барлығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алайда олардың біразы кеуделеріне «Алтын Жұлдызды»

таға алмады. Олар көптеген қиындықтар мен әділетсіздікті көрді. Соғыс аяқталғаннан кейін ғана Шадрин мен Тимофеевке «Алтын Жұлдыз» медалі мен Ленин ордені тапсырылғанынан хабардар болдық. Осы оқиғаның өткеніне жетпіс жылдан аса уақыт өтсе де, батырлардың айналасында әңгіме көп. Алайда олардың ерліктерін тарих бетінен өшіріп тастау мүмкін емес. Мүмкін қателіктер болған шығар. Бірақ ерліктің болғанын ешкім жоққа шығармайды. Тап осы Дубосеково станциясының маңында қазақстандықтардың ұлы ерлігі әлемді шарлады. Осы жерде Бауыржандай қолбасшы шайқасқанын ел білді.

Аталарымыз бен бабаларымыз шайқасқан, Тверь облысының Молодой Труд елді мекенінде 80 пайызы опат болған, Алматы мен Ақтөбеде жасақталған 100 және 101-дербес ұлттық бригадаларының ерліктің өнегесін паш еткен жерлері – біздер үшін қасиетті де қадірлі. Делегация мүшелері Волоколамск елді мекенінде болып, қазақтың біртуар ұлы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы мен интернационалист-генерал, қолбасшы Иван Панфиловтың ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойған болатын.

Волоколамск... Бұл елді мекеннің аты әлемге ең алдымен орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» кітабындағы Бауыржан Момышұлы басқарған батальонның қоршауды бұзып шығуы арқылы танылғаны анық. Бауыржан Момышұлы өзінің «Москва үшін шайқас» кітабында былай дейді: «Қаланың шыға беріс іргесіне жақындай бергенімізде жаңбыр баяулап, сылбыр себелей бастады... Біз қала шетіне шықтық, ойпаңмен қырға көтеріле бергенімізде, алыстан мұнарлана орман жиегі көрінді. Біз қаладан өттік, мен бұрылып кейін қарадым: соңымыздағы ойпаңда жаңа ғана оның орталық көшесімен өткен, ойран басталып, ойран күткен тұзу көшесі, әп-әдемі соғылған, қаз-қатар тігілген шатырдай ықшамды үйлі Россияның көп қаласының бірі.

Иә, көп қаланың бірі. Ол қалаға соғыс лебі жетіп, «ертең үйінді өртеп, күлінді көкке ұшырып, таудан тозаң, көлден тамшы қалдырмай бүлік салып, басыңа қиямет-қайым орнатамын...» деген жалмауыз қарт – соғыстың ызғарлы үні іргесіне жақындаған сайын тітіркеніп, үрейлене

қауіптеніп, көшесінде болашақта қан төгілерін сезіп, соғыс безгегімен қалшылдап тұрған мұнды қаланың бірі. Ол қаланың аты Волоколамск. Тап осы қалада 68 жыл бұрын қараша айында Бауыржан Момышұлының даңқты батальоны шабуылдап бара жатқан жау шебін талқандап, бұғауды бұзып, қоршауды қиратып, бостандыққа шығып, дивизияға қосылған. Волоколамскіден Калугаға дейін созылған Можайск майдан шебінде Батыс майданының құрамында Бауыржан Момышұлының батальоны жаумен қасарыса шайқасып, бір адым да шегінбеуге ант беріп, кеудесімен Отанын қорғауда ерліктің өшпес өнегесін көрсеткені жөнінде талай дуалы ауыз жазушы-ақындар шығармаларына арқау еткен. Баукеңнің кітабында жиі айтылатын батальонның қорғаныс шебіне айналған Руза өзенінің бойындағы Осташово деревнясы да бұл күнде аты болғанымен, қаңырап бос қалған. Волоколамскіден «қарға адым» жерде тұрған Дубосеково елді мекеніндегі 28 батырдың жау танкілерімен бетпе-бет келіп, қасық қандарын қиып, өмірлерін бүгінгі бақытты күнге айырбастап, жау тажалын кеудесімен тоқтатқанын бүкіл әлем естіді. Жау ерліктің қамалын бұза алмады. Орыстың ұлы жазушылары мен журналистері Константин Симонов, Илья Эренбург, Алексей Кривицкий, Александр Бек, т.б. қазақстандықтар – қазақ солдаттары туралы таңдай қағып, ерліктің осындай биік шыңы болатындығын жүрек тербей жазғанын білеміз. Иә, жылдар өтер, заман да өзгерер. Бірақ Отан үшін отқа түскендер ешқашан да ұмытылмайды. Баукеңнің өзі айтқандай, олар отқа күймейді. Қайта биік бейнелері ерліктің алауындай асқақтай береді [6].

Соғыс жылдары батырлық пен ерлік көрсеткен әйелдер де аз болмады. Олар Отанымыздың тәуелсіздігі мен азаттығын тек тылдағы ерен еңбектерімен ғана емес, Ұлы Отан соғысы майдандарында қолына қару алып қорғаған еді. 1943 жылдың ақпанына дейінгі кезеңде Жамбыл облысынан шыққан 270 қыз-келіншектер Қызыл Армия қатарында соғысып жатты [7, 66]. Әрине, Отан үшін от кешкен ерлеріміздің тағдыры әртүрлі болды. Әрқайсысы Отан алдындағы әскери парызын өзінше өтеген еді. Бірі соқпақтарымен соғыстың соңына дейін жетсе,

екіншілері өз Отанының бақыты үшін өмірлерін қиды. Осы Ұлы жолда оларды өлмес ерен ерліктері біріктірген болатын.

Әрине, мұның бәрі белгілі. Дегенмен, алапат соғыста «әттеген-ай» дейтін тұстардың да аз болмағандығы анық. Соның бірі – Ржев дөңесін азат ету үшін болған шайқас. Кеңестік әскери тарихнамада Ржев түбінде болған «Марс» операциясы туралы нақты деректер берілмеген. Тіпті осы ұрысқа тікелей басшылық еткен маршал Г.Н. Жуковтың өзі мемуарларында бұл шайқасқа көп тоқтала қоймайды. Бұл жерде «жақсысын асырып, жаманын жасырып» күн кешкен кеңестік саясаттың салқыны атақты қолбасшыға да тиесілі болғандығына қамығасың. Себебі, «шығасыға иесі басшы» дегендей, Жуковтың Ржев шайқасында жеңіске жету үшін миллиондаған тағдырларды тәрк еткені қазіргі кезде белгілі болып отыр.

Нақтылап айтсақ, Ржев бағытындағы 60 мыңдық неміс армиясына 1 миллион 30 мың адамдық әскерді қарсы қою, әлбетте, біріншіден, әскери дайындықтың нашарлығын көрсетсе, екіншіден, сол әскер құрамындағы адамдардың тағдырына деген немкеттілікті білдірсе керек. Әрине, біз Ржев түбіндегі шайқастың стратегиялық маңыздылығын түсінеміз. Себебі, Жоғарғы Бас командованияның ставкасы Г.Н. Жуков, А.М. Василевский және Н.Н. Воронов басқарған Орталық, Дон және Сталинград майдандарында қарсы шабуылға шығып, дұшпан шептерін бұза отырып, оларды толық талқандауды тапсырған болатын. Осы арқылы 1942–1943 жылдардың қыс айларында Қызыл Армияға жауды Мәскеуден 600–700 шақырым қашықтыққа қуып тастау міндеті белгіленген еді.

Бұл міндетті толық жүзеге асыра алған Дон және Сталинград майдандарында Гитлердің 22 дивизиясы қоршауға алынып, 320 мың әскері талқандалып, тұтқындалса, Орталық майдандағы жағдай барынша шиеленіскен еді. Себебі, Ржевтен кетсе, Мәскеуге жақындай алмайтынын түсінген фашистер өздерінің соңғы мүмкіндіктерін пайдаланып қалу үшін барын салатындығы әу бастан белгілі болатын. Оның үстіне, Ржев қаласының Мәскеуден небары 200 шақырым қашықтықта

орналасқандығын еске алсақ, «Марс» операциясының соншалықты қиын болғандығын түсінуге болатын секілді. Бүгінгі күн тұрғысынан түсінбейтініміз құрбандыққа шалынғандардың қатарында қазақстандықтардың, соның ішінде қазақтардың үлес салмағының көптігі. Дегенмен уақыт бәріне төреші. Қазіргі кезде осы ұрыста шейіт болған әруақтардың аты-жөндері қайта аталып, осы аталарымыз туралы ақпараттар көптеп берілуде.

Мұндай иманды істі бастауға Ресейдің «қызыл ізшілерімен» хабарласып, Қазақстанда жасақталған 100-ші және 101-ші ұлттық атқыштар бригадаларының тағдыры туралы білуге мұрындық болған Жамбыл облысы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасының Тверь облысына делегациялар жіберіп, аталарымыздың ерлігін айшықтай түсуге үлкен көмек көрсетіп отырғандығын ризашылықпен айтып кеткеніміз дұрыс қой деп ойлаймыз.

Осындай ұнамды істі ақтөбелік азаматтардың да атқарып, Ржевтегі мемориалдық кешенді абаттандырып, «қызыл ізшілердің» жұмыстарын жалғастыруға 1 млн. доллар ақша бөліп отырғандығын ықыласпен атап өтуге болады. Осы бағыттағы жұмыстарды атқарудан Ржевтегі мұражай қызметкерлерінің де тыс қалмағандығы белгілі.

Әйтсе де, соғыста опат болған 10 мың адамның мәліметтері жиналды, бұқаралық ақпарат құралдары жазғандай мұражайдан бірде-бір қазақтың фотосуреті болмағандығы көңілге қаяу түсірді. Дегенмен, орыс-қазақ қатынастарының одақтастық негізде өрбіп отырған кезінде мұндай түйткілдердің тез шешілетініне сенімділікпен қараған дұрыс сияқты. Бұған біздің облыс делегациясының кезекті сапарында анық көздері жетіпті. Сонымен, әу дегенде ауған соғысының батыры «Халық қаһарманы» Б.Ертаев пен бір топ ауған соғысының ардагерлерін Мәскеуде қала мэрінің орынбасары қабылдады.

Орыс ағайындар бір тудың (кеңестік) астында бірігіп, неміс фашистерін талқандауда ерлік көрсетіп, өмірін қиған ерлерімізді мәңгілік есте сақтау тұрғысында атқарылар істерге аянбай атсалысатынын мәлім етті. Осындай ықыласты кездесулер Б.Момышұлы мен Ә.Мол-

дағұлова атындағы мектептерде болған кездесулерде де жалғасын тауып отырған. Осы басқосуларда ресейліктердің Ұлы Отан соғысында өз жерлерін фашист басқыншыларынан азат етуге қатысқан қазақ бауырларын ешқашан ұмытпайтындарын байқай отырып, делегация құрамындағылардың көңілі марқайғандығы анық.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, сапар барысында делегация мүшелері болған жерлерге немістердің де келіп-кетіп жүргенін естідік. Мейлі, олар да ата-бабаларын жоқтап жүрген шығар. Ақымақ саясаттың аңғал құрбаны болған орындаушы – әскерлердің күнәсін қайта ақтармай-ақ қояйық. Тек, осылай басқыншылардың балалары бабаларына құрмет көрсетіп жатқанда біз не істеуіміз керек. Осы тұрғыда ой қорытсақ, біріншіден, осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырғанымыз абзал. Ол үшін нақты іс-шаралар тізбегі белгіленіп, оның орындалуы тұрақты жұмыс тобының бақылауында болғаны жөн. Күнделікті хабарласу мен делегациялар алмасу мәселесін де осы топтың шешкендігі дұрыс болар еді. Бұл іс-шаралардың тек мемлекет тарапынан көмек болғанда ғана өз шешімін табары түсінікті болса керек.

Екіншіден, соғыста қайтыс болған боздақтарымызды орыстар тауып береді екен деп, күтіп отырудың еш қисыны жоқ. Сондықтан да осы саланы (Ұ.О.С. тарихын) зерделеп жүрген ғалымдар мен ізденушілердің, өлкетанушылардың арасынан біліктілерін тандап, олардың осы істі кешенді зерттеуге тезірек көшуі дұрыс.

Үшіншіден, осы бағыттағы атқарылған жұмыстар аз емес. Тек соларды ұқсата түсу жолындағы іс-шараларымыз, меніңше, жоқтың қасы. Мәселен, «Марс» операциясына қатысып, ерлікпен қаза тапқан ерлеріміз туралы өмірбаяндық анықтамалық жазып шығуға болмас па еді? Немесе қазірге дейін белгілі болған тұлғаларды, олардың туып-өскен елді мекендерінде ұлықтап, соғыста шейіт болған боздақтардың әруағын разы ету керек емес пе? Ол үшін әрбір мұражай мен ауылдық округтерде әскери даңқ бұрыштары ашылып, онда ерлеріміздің өмірбаяны, орден және медаль кітапшаларының көшірмелері мен майдан-

нан жазылған хаттары қойылса дұрыс болар еді. Мұндай игілікті істен Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер мен түрлі деңгейдегі газеттердің, сонымен қатар бүгінгі күні арамызда жүрген соғыс және еңбек ардагерлерінің де тыс қалмайтындығы белгілі.

Жалпы, өткен соғыстың бізге үлкен сабақ болғаны анық. Ендігі жердегі міндет, біздің аға буынымыз жеткен осындай жетістіктерді бағалай білуімізде болса керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 336-іс, 22-бума, 7-п.
2. ЖОММ. 399-қор, 2-тізбе, 4 іс, 14-бума, 161-п.
3. ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 548-іс, 36-бума, 89-п.
4. ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 339-іс, 22-бума, 18-п.
5. ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 453-іс, 29-бума, 4-п.
6. Рысдәулет М. Мәңгілік ерлік. «Дала» ЖШС 2012 ж. 44-п.
7. ЖОММ. 282-қор, 1-тізбе, 656-іс, 43-бума, 66-п.